

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗҚ» АҚ аймақтық желісіндегі өзгерістер туралы

Өңірлік бөлімшелердің ұтымды ұйымдастырушылық құрылымын құру бойынша жүргізілген жұмыс шеңберінде бизнес-процестерді автоматтандырудың қазіргі деңгейін ескере отырып, «БЖЗҚ» АҚ аймақтық желіні қайта құрды.

Жезқазған қаласындағы Өңірлік филиалы жабылып, кейіннен Жезқазған қаласында қызмет көрсету Орталығы құрылды (бұдан әрі - ҚКО) және ол Қарағанды облыстық филиалының құрамына енгізілді. Сәтбаев пен Қаражал қалаларында бұрын Жезқазғанға тиесілі қызмет көрсету орталықтары да енді Қарағанды облыстық филиалына бағынады.

Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта БЖЗҚ -да 183 қызмет көрсету тірегі бар. Жалпы алғанда, бірінші жартыжылдықта Қор салымшыларына (алушыларға) 1 миллионнан астам қызмет, дәлірек айтқанда, **1 284 489** қызмет көрсетілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 556,4 мың қызметке (немесе 76,4%) көп.

Бұл ретте, БЖЗҚ -дан кейбір қызметтерді, мысалы, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, мәліметтерді өзгерту және т.б., ENPF мобильді қосымшасы және enpf.kz корпоративтік сайтындағы Жеке кабинет арқылы үйден шықпай-ақ алуға болатынын еске саламыз.

Сонымен қатар, «БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ -ның ұлттық пошта операторының филиалдарында шалғайдағы елді мекендерде қызмет көрсету жөніндегі бірлескен жобасының арқасында Қазпошта бөлімшелерінде Қор салымшылары (алушылары) келесі операция түрлерін орындай алады:

- **салымшының (алушының) қосымша мәліметтерін өзгертуге (толықтыруға) өтініш беру (жеке куәлік, телефон нөмірі, электрондық және пошталық мекен-жайлар);**
- **ақпараттандыру әдісін өзгерту (айқындау) туралы келісімге қол қою (оның ішінде БЖЗҚ АҚ қызметтеріне электронды форматта қол жеткізу үшін).**

Сіз БЖЗҚ қызмет көрсету орталықтарының тізімін enpf.kz сайтының «Байланыс» бөлімінен таба аласыз.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

